

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий"
акционерлік қоғамының
АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТИСІ**

ЕСКЕРТУ

Орталық депозитарий қызметкерлері Ереже жинағының қазақ тіліндегі нұсқасын тек ақпарат алу мақсатында аударған.

Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізуі проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдарды беруді білдірмейді. Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың сенімділігіне жауапкершілікті алмайды. Акцияларды шығару проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай дайындалған. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауапкершілікті көтереді және проспектідегі барлық ақпараттың сенімділігін және қоғам мен оның орналастырылған акцияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтындығын растайды.

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер мен толықтыруларды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2006 жылғы 12 қаңтарда тіркеді.

2. № 2 өзгерістер мен толықтыруларды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2007 жылғы 05 наурызда тіркеді.

3. № 3 өзгерістер мен толықтыруларды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2009 жылғы 23 желтоқсанда тіркеді.

4. № 4 өзгерістер мен толықтыруларды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2010 жылғы 01 шілдеде тіркеді.

5. № 5 өзгерістер мен толықтыруларды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2010 жылғы 10 тамызда тіркеді.

6. № 6 толықтырулар мен өзгерістерді:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау мен бақылау комитеті 2012 жылғы 24 тамызда тіркеді.

7. № 7 өзгерісті:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті 2012 жылғы 09 қазанда тіркеді.

8. № 8 өзгерісті:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті 2013 жылғы 27 ақпанда тіркеді.

9. № 9 өзгерістерді:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті 2013 жылғы 27 маусымда тіркеді.

10. № 10 өзгерістерді:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2014 жылғы 03 шілдеде тіркеді.

11. № 11 өзгеріс:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2015 жылғы 19 қаңтарда тіркеді.

12. № 12 өзгерістер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2015 жылғы 27 мамырда тіркеді.

13. № 13 өзгеріс:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2015 жылғы 03 қыркүйекте тіркеді.

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның атауы.

- Толық атауы:
 - ◇ қазақ тілінде: "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы;
 - ◇ орыс тілінде: акционерное общество "Центральный депозитарий ценных бумаг";
 - ◇ ағылшын тілінде: Central Securities Depository Joint-stock Company.
- Қысқартылған атауы:
 - ◇ қазақ тілінде:

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ; немесе
Бағалы қағаздар орталық депозитарийі; немесе
Орталық депозитарий;
 - ◇ орыс тілінде:

АО "Центральный депозитарий ценных бумаг"; немесе
Центральный депозитарий ценных бумаг; немесе
Центральный депозитарий;
 - ◇ ағылшын тілінде:

Central Securities Depository JSC; немесе
Central Securities Depository, JSC; немесе
Central Securities Depository.
- Атауының аббревиатурасы: КАСД.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер:

Алматы қаласы Әділет басқармасы берген 02.02.2005ж. № 12301-1910-АО мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.

4. Алынып тасталды.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан орны, байланыс телефондары мен факстің нөмірлері, электрондық почтаның адресі туралы ақпарат:

050051, Алматы қ., "Самал-1" ы/а., 28, телефон: 262 03 09, факс: 262 03 09, ішкі нөмір 115, e-mail: csd@csd.kz.

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері:

"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-дағы IBAN № KZ706010131000043597, БСК HSBKКZKX, БСН 970740000514, КБЕ 15.

7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері:

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі - Орталық депозитарийі) келесі қызмет түрлерін атқарады:

- 1) депозитарлық қызмет;
- 2) мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет;
- 2-1) "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ-ның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет;
- 2-2) бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық идентификаторларды беру жөніндегі қызмет;
- 3) банктік операциялардың жекелеген түрлері;
- 4) Орталық депозитарийге қолданыстағы заңнамамен атқаруға тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауға жататын қызметпен Орталық депозитарий тиісінше лицензиялар негізінде және осы лицензияларға сәйкес айналысады.

- 8.** Акционерлік қоғамға немесе оның шығарған бағалы қағаздарына халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингтер туралы мәліметтер. Қаржы агенттігі мәртебесін беру туралы мәліметтер.

2013 жылғы 13 мамырда Thomas Murray рейтингтік агенттігі Орталық депозитарийге "А" деңгейінде рейтинг берді, болжам – "Позитивті".

Орталық депозитарийге қаржы агенттігінің мәртебесі берілген жоқ.

- 9.** Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркеу күндері, мекен-жайлары мен почталық адрестері:

Орталық депозитарийдің өкілдіктері мен филиалдары жоқ.

- 10.** Тиісінше алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсетіп, соңғы үш аяқталған қаржы жылы үшін акционерлік қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардың (аудитордың тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) толық ресми атауы.

2013, 2012 және 2011 жылдар – Қазақстандағы Америкалық сауда палатасының, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының, Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының, Қазақстан Қауымдастығы Еуропалық Бизнесінің мүшесі болып табылатын "Делойт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Тиісінше алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсетіп, соңғы үш аяқталған қаржы жылы үшін тиісінше қызмет көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы.

2011 жыл – Мұнай-газ саласы заңгерлерінің қауымдастығы Басқармасының мүшесі, Қазақстандық заңгерлер қауымдастығы Басқармасының мүшесі, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы құқықтық саясат жөніндегі кеңес мүшесі, Қазақстан Республикасының Жоғары соты жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі болып табылатын Сүлейменов Майдан Контуарұлы.

- 10-1.** Акцияларды қоғам сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бекіткен күн.

Сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесі Орталық депозитарий акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2012 жылғы 23 мамырдағы № 1 хаттама).

2. ҚОҒАМ ОРҒАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР (АКЦИОНЕРЛЕР)

11. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.

№ р/р	Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің (сондай-ақ тәуелсіз директорларды) тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқарған қызметі, соның ішінде қосымша айналысқан жұмысы, қызметке кіріскен күні көрсетіледі	Орталық депозитарийдің дауыс беретін акцияларының жалпы санына Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беретін акциялардың пайыздық арақатынасы	Осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестері) жалпы санына еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестері) пайыздық арақатынасы
1.	Тәуелсіз директор – Айнабаева Шолпан Рахманкуловна, 1969 ж.т.	<p>2012 жылғы 23 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры.</p> <p>2009 жылғы 14 тамыздан бастап 2012 жылғы 23 мамырға дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры.</p> <p>2007 жылғы 7 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – "Казкоммерц секьюритиз" АҚ Басқармасының төрағасы ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ).</p> <p>2005 жылғы 30 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - "Казкоммерц секьюритиз" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ).</p>	0,00	0,00
2.	Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор – Джолдасбеков	2012 жылғы 30 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің	0,00	0,00

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

	Азамат Мырзаданович, 1962 ж.т.	<p>мүшесі.</p> <p>2012 жылғы 24 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>2012 жылғы 23 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры.</p> <p>2009 жылғы 22 қыркүйектен бастап 2012 жылғы 23 мамырға дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>2009 жылғы 14 тамыздан бастап 2012 жылғы 23 мамырға дейін – Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2011 жылғы 14 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – "Ұлар Үміт жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2009 жылғы 10 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – "Темірбанк" АҚ тәуелсіз директоры.</p>		
3.	Капышев Бахытжан Хабдешевич, 1967 ж.т.	<p>2012 жылғы 23 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>1999 жылғы 19 мамырдан бастап 2012 жылғы 23 мамырға дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>1997 жылғы 21 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – Орталық депозитарийдің Президенті (Басқарма төрағасы)</p>	0,00	0,00
4.	Тәуелсіз директор – Курманов Жанат Бостанович, 1962 ж.т.	<p>2012 жылғы 31 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің төрағасы.</p> <p>2012 жылғы 23 мамырдан қазіргі уақытқа дейін –</p>	0,00	0,00

		<p>Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры.</p> <p>2010 жылғы 28 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - Биржалық кеңестің мүшесі, "Қазақстан қор биржасы" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2011 жылғы 26 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2011 жылғы 27 желтоқсаннан бастап 2012 жылғы 29 мамырға дейін – "Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>2008 жылғы 28 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2010 жылғы 17 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ еншілес ұйымы Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы Зейнетақы Қоры" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2010 жылғы 11 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстан Халық Банкінің еншілес сақтандыру компаниясы "Халық-Казахинстрах" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2009 жылғы 15 қарашадан бастап 2011 жылғы 5 қазанға дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Q-BRO" Қазақстан Ұлттық Банкінің резервтік орталығы" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2009 жылғы 8 шілдеден</p>		
--	--	---	--	--

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

		<p>бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстан Халық Банкінің "Халық-Life" өмірді сақтандыру жөніндегі еншілес сақтандыру компаниясы" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2009 жылғы 23 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ тәуелсіз директоры.</p> <p>2007 жылғы 7 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – "Қырғызстан Халық банкі" ААҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі.</p> <p>2007 жылғы 24 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ тәуелсіз директоры.</p>		
5.	Малайсарова Жанар Ибрагимовна, 1973 ж.т.	<p>2012 жылғы 23 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2009 жылғы 14 тамыздан бастап 2012 жылғы 23 мамырға дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті директорының орынбасары.</p>	0,00	0,00
6.	Сабитов Идель Марсильевич, 1967 ж.т.	<p>2012 жылғы 23 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2002 жылғы 7 мамырдан қазіргі уақытқа дейін – "Қазақстан қор биржасы" АҚ бірінші Вице-президенті.</p>	0,00	0,00

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

7.	Хаджиева Мария Жамаловна, 1971 ж.т.	<p>2011 жылғы 1 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2008 жылғы 23 мамырдан бастап 2011 жылғы 19 сәуірге дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің Бағалы қағаздар нарығы субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаментінің директоры.</p> <p>2011 жылғы 19 сәуірден бастап 2011 жылғы 3 мамырға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті төрағасының орынбасары міндетін атқарушы.</p> <p>2011 жылғы 3 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті төрағасының орынбасары.</p>	0,00	0,00
----	-------------------------------------	--	------	------

Директорлар кеңесінің құрамындағы өткен екі жылдағы өзгерістер және аталған өзгерістердің себептері:

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің қазіргі құрамы Орталық депозитарий акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында сайланды (2015 жылғы 29 сәуірдегі № 1 отырыстың хаттамасы).

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің осының алдындағы құрамының өкілеттіктері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 55-бабының 2-тармағына сәйкес 2015 жылғы 29 сәуірдегі Орталық депозитарий акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталды, жиналыста Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің қазіргі құрамы сайланды.

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің қазіргі құрамының сандық құрамы жеті мүше санында анықталды, соның ішінде Комитеттің өкілі бар.

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің құрамында соңғы екі жыл ішінде басқа өзгерістер болмады.

11-1. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері.

Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің шешімімен (2012 жылғы 24 мамырдағы № 6 отырыстың хаттамасы) мына комитеттер құрылды:

- 1) Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің стратегия, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.

Бұл комитеттің құзыретіне мыналар жатады:

- Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне Орталық депозитарий қызметінің стратегиялық мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдарды дайындау және ұсыну;
- Орталық депозитарий Директорлар кеңесімен бекітілуге жататын және персоналды басқару саясатына, әлеуметтік саясатқа қатысты Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарын мақұлдау;

- 2) Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті.

Осы комитеттің құзыреті Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелері, Орталық депозитарийдің Ішкі аудит қызметінде туындаған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдарды дайындау және оны беру болып табылады.

12. Акционерлік қоғамның алқалық атқарушы ұйымы.

Алқалы атқарушы орган мүшелерінің, соның ішінде Басқарма Төрағасының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқарған қызметі, соның ішінде өкілеттіктері және қызметіне кіріскен күні көрсетілген қосымша атқарған қызметі	Орталық депозитарийдің дауыс беретін акцияларының жалпы санына оларға тиесілі дауыс беретін акциялардың пайыздық арақатынасы
Капышев Бахытжан Хабдешевич, 1967 ж.т.	21.07.1997ж. бастап Орталық депозитарийдің Президенті (лауазымы бойынша Орталық депозитарий Басқармасының Төрағасы). Орталық депозитарийдің Президенті Орталық депозитарий Басқармасына ағымдағы басшылықты жүзеге асырады және Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің және акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін орындауға жауапкершілікті алады.	0,00
Шатанов Алан Алтаевич, 1972 ж.т.	15.07.2010ж. бастап Орталық депозитарийдің Вице-президенті (лауазымы бойынша Басқарма мүшесі). Орталық депозитарийдің Вице-президенті Орталық депозитарийдің Басқармасы бекіткен Орталық депозитарий Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершіліктерді бөлу схемасына сәйкес іс-әрекет жасайды.	0,00
Молчанов Сергей Николаевич, 1958 ж.т.	08.06.2015 ж. бастап Орталық депозитарийдің Вице-президенті (лауазымы бойынша Басқарма мүшесі). Орталық депозитарийдің Вице-президенті Орталық депозитарийдің Басқармасы бекіткен Орталық депозитарий Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершіліктерді	0,00

	<p>бөлу схемасына сәйкес іс-әрекет жасайды.</p> <p>26.03.2014 - 15.05.2015 жылдар аралығы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпараттық технологиялар департаменті директорының орынбасары.</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпараттық технологиялар департаменті директорының орынбасары операциялық жүйелердің, деректер базасын басқару жүйелерінің, серверлік және клиенттік қосымшалардың, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің, серверлік, компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтың, құрылымдалған кабельдік желілердің активтік және пассивтік жабдығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды, компьютерлік жабдықты және телекоммуникация құралдарын қосалқы бөлшектермен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды, ақпараттық жүйелердің, серверлік жабдықтың және телекоммуникация құралдары жұмысының істен шыққан кездегі жұмысқа қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды, бөлімшелер мен филиалдардың компьютерлік жабдыкпен және телекоммуникация құралдарымен жабдықталуының жай-күйі мен деңгейін талдау, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасау, ақпараттық жүйелерге ілеспе қызмет көрсету бойынша бюджетті қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау, компьютерлік жабдықты және телекоммуникация құралдарын жетілдіру және жөндеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады.</p> <p>11.05.2001 - 26.03.2014 жылдар аралығы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры.</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры аталған Департаменттің қызметіне, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіруге, Департамент құзыреті шегінде және басшылықтың тапсырмалары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелерімен, филиалдарымен және ұйымдарымен, мемлекеттік және өзге ұйымдармен өзара іс-әрекетін ұйымдастыруға, орындалуын бақылауға, Департамент құзіреті шегінде бюджеттің орындалуын бақылауға және жоспарлауға басшылық жасайды.</p>	
--	--	--

- 13.** Қоғамның лауазымды тұлғаларына соңғы қаржы жылында төленген жалақылары мен жалпы сыйақы сомасы.

Лауазымды тұлғаларға 2004 жылы төленген жалақылары мен жалпы сыйақы мөлшері - 20 230,3 мың теңге.

- 14.** Акционерлік қоғамның ұйымдастыру құрылымы:

- 1) Орталық депозитарийдің құрылымдық бөлімшелері және бөлімше басшылары туралы мәліметтер:

р/р	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Бөлімше басшыларының тегі, есімі, әкесінің аты және туылған жылы
1.	Депозитарлық қызмет көрсету бөлімі	Колесниченко Анна Павловна, 1977 ж.
2.	Тіркеу қызметінің бөлімі	Алиш Салима Салимжанқызы, 1971 ж.
3.	Есеп айырысу палатасы	Түркебаева Аина Эдигеновна, 1971 ж.
4.	Заң бөлімі	Серғазина Гүлмира Мерекеновна, 1966 ж.
5.	Корпоративтік істер бөлімі	Сапарбекова Найля Адейхановна, 1953 ж.
6.	Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу	Куйбеда Сергей Геннадьевич, 1972 ж.
7.	Жүйелік әкімшілік бөлімі	Есенбаев Олжас Салымович, 1973 ж.
8.	Бухгалтерия	Алексеева Татьяна Владимировна, 1948 ж.

- 2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны, соның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілдіктеріндегі қызметкер саны:

47 қызметкер (Орталық депозитарийдің филиалдары мен өкілдіктері жоқ);

- 3) акционерлік қоғам акцияларын иеленген акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және орналастырылған акциялардың жалпы санынан акциялардың пайыздағы жиынтық үлесі:

Орталық депозитарий қызметкерлерінде Орталық депозитарийдің акциялары жоқ;

- 4) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер:

Орталық депозитарийдің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

- 15.** Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері).

Орталық депозитарийдің жарғылық капиталында он және одан да көп пайыздағы қатысу үлестеріне иелік ететін Орталық депозитарийдің ірі акционерлері туралы мәліметтер				
№ р/р	Акционердің толық атауы	Акционердің орналасқан жері	Орталық депозитарийдің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлерге тиесілі дауыс беретін акциялардың пайыздық ара қатынасы	Акционердің Орталық депозитарийдің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын иелене бастаған күні
1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	050040, Алматы қ., Коктем-3 ы.а., 21	54,98	2000 жылдың 15 мамыры
2.	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы	050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty	34,69	2003 жылдың 6 маусымы

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

		Towers" КҚК солтүстік мұнарасы		
--	--	-----------------------------------	--	--

	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталында он және одан да көп пайыздағы қатысу үлестеріне иелік ететін "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ірі акционерлері туралы мәліметтер	
№ р/р	Акционердің толық атауы	Акционердің орналасқан жері
1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	050040, Алматы қ., Көктем- 3 ы/а., 21
2.	"Сентрас Инвест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алматы қ., Манас көш., 32А, 204 кеңсе

16. Акционерлік қоғамы ұйымның орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда – бес және одан астам) пайыздарына ие - ірі акционері болып табылатын бар ұйымдар туралы мәліметтер:

Орталық депозитарий басқа акционерлік қоғамдардың акцияларын иеленбеген.

17. Қоғам қатысатын өндірістік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер туралы ақпарат.

Түрі	Атауы, тұрғылықты жері
Қауымдастық	"Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" ЗТБ, 480091, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67-үй
Қауымдастық	ТМД елдерінің халықаралық биржалар қауымдастығы (ТМД МАБ) 125009, Мәскеу қ., Большой Кисловский к-сі, 13
Қауымдастық	22.12.2004 жылдан бастап "Еуразия" ТМД депозитарийлерінің қауымдастығы
Қауымдастық	"Қазақстандық Тізілім ұстаушылар қауымдастығы" ЗТБ 480093 Алматы қ., Мәуленов к-сі, 92, 114а офисі.

18. Акционерлік қоғамның басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесіне жақын туысқандық байланысы бар немесе туысы болып табылатын жеке тұлғалар:

1) Бектемисова Сәуле Төлегенқызы:

Бейсембаев Төлеген Ахметұлы (әкесі 1934 ж.т.)

Бейсембаева Райхан Садыққызы (анасы 1937 ж.т.)

Бектемисов Нұрлан Бағдатұлы (жұбайы 1962 ж.т.)

Бектемис Акбар Нұрланұлы (ұлы 2002 ж.т.)

Бектемис Инсар Нұрланұлы (ұлы 2002 ж.т.)

Бейсембаева Гүлнәр Төлегенқызы (әпкесі 1961 ж.т.)

Бейсембаев Арман Төлегенұлы (інісі 1977 ж.т.)

Сабалиева Разия Қайыржанқызы (енесі 1939 ж.т.)

2) Сабитов Идель Марсильевич:

Сабитов Марсиль Михайлович (әкесі 1930 ж.т.)

Сабитова Лидия Ивановна (анасы 1942 ж.т.)

Сабитова Альфия Адамовна (зайыбы 1968 ж.т.)

Сабитов Ален Идельевич (ұлы 1991 ж.т.)

Сабитов Ринат Идельевич (ұлы 1998 ж.т.)

Гафеева Рафиля Анваровна (зайыбының анасы 1947 ж.т.)

Гафеев Альфрид Адамович (зайыбының ағасы 1957 ж.т.)

Гафеев Амир Адамович (зайыбының ағасы 1961 ж.т.)

Гафеев Арслан Адамович (зайыбының ағасы 1973 ж.т.)

3) Зайтбекова Гүлжамаш Ахметбековна:

Меделбекова Сақыпжамал (анасы 1924 ж.т.)

Зайтбеков Мұрат Шакарбекұлы (жұбайы 1962 г.р.)

Жамаубаева Марияш Ахметбекқызы (әпкесі 1948 ж.т.)

Меделбеков Мұрат Ахметбекұлы (ағасы 1953 ж.т.)

Меделбеков Абиль Ахметбекұлы (ағасы 1958 ж.т.)

Меделбекова Шакен Ахметбекқызы (әпкесі 1960 ж.т.)

4) Федулова Розалия Маратовна:

Пак Марат Александрович (әкесі 1930 ж.т.)

Пак Елизавета Маратовна (әпкесі 1953 ж.т.)

Пак Александр Маратович (ағасы 1956 ж.т.)

Федулова Марина Викторовна (қызы 1981 ж.т.)

Федулов Виктор Игоревич (ұлы 1986 ж.т.)

5) Алтынбекова Айгүл Асылханқызы:

Алтынбеков Асылхан (әкесі 1940 ж.т.)

Нуркушева Гүлбахран Тулеуқызы (анасы 1946 ж.т.)

Алтынбекова Алмагүл Асылханқызы (әпкесі 1970 ж.т.)

Асылханов Әнуар Асылханұлы (ағасы 1992 ж.т.)

6) Машабаева Фарид Кавдыровна:

Михайдаров Кавдыр (әкесі 1924 ж.т.)

Михайдарова Роза Каримовна (анасы 1929 ж.т.)

Машабаев Еркін Кужашевич (жұбайы 1953 ж.т.)

Михайдарова Алима Кавдыровна (әпкесі 1950 ж.т.)

Машабаев Азат Еркинович (ұлы 1979 ж.т.)

Машабаев Нуржан Еркинович (ұлы 1983 ж.т.)

7) Сұлтанқұлов Ерик Ахметханұлы:

Сұлтанқұлова Суюнбеке Тұрсынқызы (анасы 1937 ж.т.)

Сұлтанқұлова Жанат Раимбекқызы (жұбайы 1968 г.р.)

Даумова Ғалия Ахметханқызы (әпкесі 1963 ж.т.)
Исмагулова Қарлығаш Ахмеджанқызы (әпкесі 1960 ж.т.)
Сұлтанова Гүлнәр Ахметханқызы (әпкесі 1961 ж.т.)
Сұлтанқұлова Асель Ерикқызы (қызы 1987 ж.т.)
Сұлтанқұлова Асиат Ерикқызы (қызы 1989 ж.т.)
Сұлтанқұлова Ұлжан Ерикқызы (қызы 1995 ж.т.)

8) Әлжанов Батырбек Асылбекұлы:

Әлжанов Асылбек Ғайнеденұлы (әкесі 1937 ж.т.)
Шайхимова Шерин Шайхимқызы (анасы 1938 ж.т.)
Әлжанов Нұрлыбек Асылбекұлы (ағасы 1965 ж.т.)
Әлжанов Ербол Асылбекұлы (ағасы 1969 ж.т.)
Әлжанова Гүлжан Икрамқызы (зайыбы 1968 ж.т.)
Әлжанова Айнұр Батырбекқызы (қызы 1990 ж.т.)
Әлжанов Айбек Батырбекұлы (ұлы 1996 ж.т.)
Әлжанов Бекжан Батырбекұлы (ұлы 2003 ж.т.)

9) Тұрысбеков Мәди Сейлханұлы:

Тұрысбеков Сейлхан (әкесі 1949 ж.т.)
Нұрымжанова Нағима Сабырқызы (анасы 1951 ж.т.)
Тұрысбеков Дәурен Сейлханұлы (ағасы 1980 ж.т.)
Белова Мария Георгиевна (зайыбы 1971 ж.т.)
Тұрысбекова Сабира Мадикқызы (қызы 1999 ж.т.)

10) Қапышев Бахытжан Хабдешұлы:

Мәліметтер осы 2-тармақта келтірілген.

Коллегиалды атқарушы орган мүшесімен жақын туысқандық байланысы немесе туыстығы бар жеке тұлғалар.

1) Қапышев Бахытжан Хабдешұлы:

Қапышев Хабдеш (әкесі 1932 ж.т.)
Мужукбаева Алтын Спатқызы (анасы 1937 ж.т.)
Ахмеджанова Куляш Хайроллақызы (әпкесі 1960 ж.т.)
Қапышева Гүлжан Акимқызы (жұбайы 1969 ж.т.)
Қапышев Нури Бахытжанұлы (ұлы 1990 ж.т.)
Қапышев Ғалым Бахытжанұлы (ұлы 1999 ж.т.)

2) Сатиев Рахмет Серікбосынұлы:

Какиманова Бану Тукушқызы (анасы 1929 ж.т.)
Сатиева Гүлраушан Серікбосынқызы (әпкесі 1955 ж.т.)

Сатиев Саябек Серікбосынұлы (ағасы 1957 ж.т.)
Сатиева Шолпан Серікбосынұлы (әпкесі 1966 ж.т.)
Мамбетова Ғалия Балтабайқызы (жұбайы 1966 ж.т.)

3) Алексеева Татьяна Владимировна:

Федорова Дарья Гавриловна (анасы 1916 ж.т.)
Федорова Надежда Владимировна (әпкесі 1939 ж.т.)
Федоров Сергей Владимирович (ағасы 1937 ж.т.)
Ткаченко Нина Владимировна (әпкесі 1945 ж.т.)
Алексеев Владимир Викторович (ұлы 1983 ж.т.)
Алексеев Михаил Викторович (ұлы 1982 ж.т.)

Акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке тұлғалар бақылайтын заңды тұлғалар.

1) Бектемисова Сәуле Төлегенқызы:

"АИМ" АҚ Басқармасының төрайымы;

2) Зайтбекова Гүлжамаш Ахметбекқызы:

"VISOR Investment Solutions" ЖШС қаржы директоры;

3) Сабитов Идел Марсильев:

"eTrade.kz" ЖШС бас директоры.

18-1. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен жасалған мәмілелер.

- 1) "eTrade.kz" ЖШС Алматы қ. Әйтеке би к-сі 67, н/ж 08.05.2003ж. ("Файлдарды автоматты беру модулі" бағдарламалық өнімді беру және оны қолдау бойынша қызметті көрсету шарты);
- 2) "eTrade.kz" ЖШС Алматы қ., Әйтеке би к-сі 67, н/ж 08.05.2003ж. ("Сертификаттау орталығы қызметін көрсету шарты");
- 3) "eTrade.kz" ЖШС Алматы қ., Әйтеке би к-сі 67, н/ж 08.05.2003ж. ("Сайт Депозитарий сайты" бағдарламалық өнімді әзірлеу және оны қолдау шарты);
- 4) "Қазақстан қор биржасы" АҚ Алматы қаласы, Әйтеке би к-сі 67, н/ж 08.02.2004ж. ("Локальды желіге рұқсат берілген кезде шыққан шығындарды өтеу туралы шарт");
- 5) "Қазақстан қор биржасы" АҚ Алматы қ., Әйтеке би 67 к-сі, н/ж 14.10.2004ж. ("Модульді конструкцияны сатып алу-сату шарты").

3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН СИПАТТАУ

19. Акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер, акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерін қысқаша сипаттау.

Орталық депозитарий мынадай қызмет түрлерін атқарады:

- 1) бағалы қағаздар нарығындағы депозитарлық қызмет: номиналды ұстауды жүзеге асыру, эмиссиялық қаржы құралдары және өзге қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алу, эмиссиялық бағалы қағаздармен және басқа қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді тіркеу, өз депоненттері мен олардың клиенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша құқықтарын растау, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клиринг өткізу.
- 2) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу: бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жасау, жүргізу және оны сақтау, жеке шоттарды ашу, тіркелген тұлғаның жеке шоты бойынша бағалы қағаздармен мәмілені тіркеу, тіркелген тұлғаның бағалы қағаздар бойынша құқығын растау, бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін құрайтын мәмілеттерді алуға Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес құқыққа ие эмитентке және басқа тұлғаларға бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесінен ақпаратты ұсыну.
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сәйкесінше лицензиясы болған кезде ұлттық және шетел валютасындағы банк операцияларының жекелеген түрлері, соның ішінде:
 - аударым операциялары: ақша аударымы бойынша заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау,
 - сейфтік операциялар: құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі қызмет көрсетулер, клиенттердің құжаттары мен құндылықтары.
 - заңды тұлғалардың банктік есептерін ашу және жүргізу.
- 4) клиентпен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін консультациялық, ақпараттық және қызметтің басқа түрлері.

Орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет бойынша бәсекелестері жоқ, себебі Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының аумағында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Орталық депозитарийдің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет бойынша бәсекелестері Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар болып табылады.

Орталық депозитарийдің банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша бәсекелестері жоқ, себебі Орталық депозитарий тиісінше лицензиялар негізінде қызметтің шектеулі тізбесін ұсынады және депозитарлық қызметке сәйкес келетін арнаулы қызметті көрсетеді.

- 20.** Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату кірістілігіне (жұмыстарға, көрсетілетін қызметке) жағымды және жағымсыз ықпал ететін факторлар.

Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығындағы қызметінің кәсіби түрлері бойынша қызметтің кірістілігіне оң ықпал ететін факторлар:

- 1) депозитарлық қызмет бойынша:

- номиналды ұстаудағы қаржы құралдары көлемінің өсуі;
 - депоненттер санының өсуі;
 - ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер санының өсуі;
 - номиналды ұстаудан/ номиналды ұстауға енгізілген/шығарылған операциялар санының өсуі;
- 2) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызмет:
- бағалы қағаздар шығарылымы санының өсуі;
 - ұйымдастырылмаған нарықта мәмілелер саны мен көлемінің өсуі;
- 3) банктік операциялар бойынша:
- депоненттер нұсқауларының негізінде ақша аударымдары санының өсуі.

Бағалы қағаздар нарығында Орталық депозитарий қызметінің кәсіби түрлері бойынша қызметтің кірістілігіне кері ықпал ететін факторлар:

- 1) депозитарлық қызмет бойынша:
- номиналды ұстаудағы қаржы құралдары көлемінің кемуі;
 - депоненттер санының кемуі;
 - ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер санының кемуі;
 - номиналды ұстауға енгізу/номиналды ұстаудан шығару операцияларының санын кеміту;
- 2) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет:
- бағалы қағаздар шығарылымы санының кемуі;
 - ұйымдастырылмаған нарықта мәміле саны мен көлемінің кемуі;
- 3) банктік операциялар бойынша:
- депоненттер нұсқауларының негізінде ақшаны аудару санының кемуі.

21. Сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) соңғы екі жылда немесе акционерлік қоғамның нақты жұмыс істеген кезеңіндегі көлемдері:

Кезеңі	Депозитарлық қызметтен түскен пайда (мың теңге)	Өткен кезеңге өзгерістер пайызы
2003	180 304,1	36,7
2004	201 924,0	12,0

2003 жылы депозитарлық қызметтен түскен кірістер 2002 жылмен салыстырғанда 36,7 %-ға номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы есебінен өсті.

2004 жылғы депозитарлық қызметтен түскен кірістер 2003 жылмен салыстырғанда номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы есебінен 12,0 %-ға өсті.

22. Акционерлік қоғамның қызметі өзінің өнімін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

Өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының бес және көп пайызын құрайтын көлемдегі Орталық депозитарий тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар

Тұтынушының атауы	Тұтынушылардың орналасқан орны	Тұтынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құны (мың теңге)	Тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының пайызы (%)
"Банк ЦентрКредит" АҚ	050022, Алматы қ., Шевченко к-сі, 100	841,0	5,07
"HSBC Қазақстан Банкі ЕБ" АҚ	050021, Алматы қ., Достық даңғылы, 43	892,9	5,38
"Еуразиялық банк" АҚ	050002, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56	972,8	5,86
"Казкоммерцбанк" АҚ	050060, Алматы қ., Гагарин к-сі, 135 ж	1 054,0	6,35
"Темірбанк" АҚ	050008, Алматы қ., Абай даңғылы, 68/74	1 078,4	6,50
"АТФБанк" АҚ	050000, Алматы қ., Фурманов к-сі, 100	1 833,5	11,05
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй	2 164,8	13,05
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	050046, Алматы қ. Розыбакиев к-сі 97	2 173,3	13,10

Тұтынатын тауарлардың жалпы құнының бес және одан астам пайызын құрайтын көлемде Орталық депозитарийдің тауарларын (жұмыстарын, қызметін) жеткізушілер

Жеткізушінің атауы	Жеткізушінің орналасқан орны	Жеткізілетін тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) құны, мың теңге	Жеткізілетін тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) жалпы құнының пайызы, (%)
"АВС" ЖШС	050013, Алматы қ., Фурманов к-сі, 193	296,9	8,39
"КЦМР" РМК	050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй	999,8	28,26
"Комэл" Фирма ЖШС	Алматы қ., Мақатаев к-сі, 117, Б корп.	1 329,3	37,58

23. Акционерлік қоғамның қызметіне ықпал ететін факторлар:

- 1) маусымдық сипаттағы қызмет түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі:

Орталық депозитарий маусымдық сипаттағы қызметпен айналыспайды.

- 2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстағы, қызметтегі) импорттың үлесі және акционерлік қоғам экспортқа шығаратын өнімнің сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі (жұмыстағы, қызметтегі) үлесі:

Шетел валютасындағы кірістер

- Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті – 610,4 мың ресей рублі;

Шетел валютасындағы шығындар:

- "Орталық депозитарий" ЖАҚ (Қырғызстан) - 1,1 мың АҚШ доллары,
- Clearstream Banking S.A. (Люксембург) - 18,5 мың еуро,
- S.W.I.F.T SCRL (Бельгия) - 22,2 мың еуро.

3) акционерлік қоғамның сот мәжілістеріне қатысуы туралы мәліметтер:

Орталық депозитарий сот процестеріне қатыспаған.

4) соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) соттың акционерлік қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына қолданылған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер:

Орталық депозитарийге әкімшілік жаза қолданылмаған;

5) тәуекел факторлары:

а) ұйымдастырылған нарықта немесе биржадан тыс нарықта акция бағасына ықпалы бар тәуекел факторлары Орталық депозитарийдің акциясының бағасына ықпал етпейді, себебі:

- Орталық депозитарийдің акциялары ұйымдастырылған нарықта сатылмайды,
- Орталық депозитарий өзінің акцияларын нақты құны (орналастыру құны) бойынша сатып алады,
- Орталық депозитарий акцияларын биржадан тыс сату мүмкін емес, себебі Орталық депозитарий акцияларының нарықтағы құны өзгерістерге ұшырамайды, сондай-ақ әлеуетті акционерлер ортасы өте шектеулі,

б) банктік пайыздың ставкаларымен, инфляциямен, құнсызданумен негізделген тәуекелдер,

- инфляциямен негізделген тәуекелдер бар. Инфляция ұлғайған кезде, Орталық депозитарийдің кірістері номиналды түрде кемиді. Осы тәуекелді төмендету үшін, Орталық депозитарий резервтік капиталды қалыптастырған болатын,
- құнсызданумен негізделген тәуекелдер бар, бірақ бұл тәуекелдер Орталық депозитарийдің қызметіне күшті ықпал етпейді, себебі Орталық депозитарий сыртқы экономикалық қызметпен айналыспайды, ал шетел валютасындағы кірістер мен шығыстардың жалпы кірістер мен шығыстарға қосатын үлесі өте елеусіз,
- банктік пайыз ставкаларымен негізделген тәуекелдер жоқ, себебі Орталық депозитарий кредиттерді тарту және орналастыру жөніндегі қызметті көрсетпейді, сондай-ақ өз қажеттіліктеріне кредит алмайды,

в) қызметтің бәсеке қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер:

- депозитарлық қызметте - тәуекелдер болмайды, себебі Орталық депозитарий Қазақстан Республикасында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады,

- бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметте - тәуекелдер бар. Көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуі қызмет көрсетілетін эмитенттер санының кемуіне әкелуі мүмкін. Осы тәуекелді төмендету үшін, Орталық депозитарий:
 - бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу барысында қателерді азайтуға мүмкіндік беретін рәсімдерді әзірледі және енгізді,
 - электронды құжаттармен айырбас жасау басымдығын барынша пайдалануға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланады,
 - банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша - тәуекелдер жоқ, себебі Орталық депозитарий банктік қызмет көрсетулердің шектеулі тізбесін ұсынады және депозитарлық қызметке ілесе қызмет көрсететін ерекше қызметтерді көрсетеді.
- г) елдегі саяси жағдайдың және заңнаманың өзгеруімен байланысты тәуекелдер:
- елдегі саяси жағдайдың және заңнаманың өзгеруімен байланысты тәуекелдер бар. Саяси жағдайдың өзгеруі бағалы қағаздар нарығы дамуының тоқырауына немесе тіпті оның толық күйреуіне әкеледі,
 - заңнаманың өзгеруіне байланысты тәуекелдер бар. Акционерлер құқықтарына, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметіне, эмитенттер қызметіне кері әсер ететіндей заңнаманың өзгеруі бағалы қағаздар нарығының даму стагнациясына немесе оның толық күйреуіне әкелуі мүмкін,
- д) әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекелдер жоқ, себебі Орталық депозитарий әлеуметтік салаға байланысты қызметке тартылмаған.

5. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛЫ

30. Проспект күніне инвестициялар мен бағалы қағаздар портфелі:

№ р/р	Бағалы қағаздар эмитентінің атауы	Бағалы қағаздың түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі	Саны	Номиналдық ұны, тенге
1.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	Қысқа мерзімді ноттар	KZW1KW479 485	619 770	100,00
2.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	Қысқа мерзімді ноттар	KZW1KW169 524	1 137 036	100,00

Қоғам стратегиясын қысқаша сипаттау:

бос қаржы ресурстары сенімділіктің жоғары деңгейіне ие және капиталды жоғалтудың барынша төмен тәуекелі және кірістері бар қаржы құралы ретінде мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестицияланады. Мемлекеттік бағалы қағаздар негізінен орташа мөлшерленген баға бойынша бастапқы орналастыру кезінде сатып алынады және өтелгенге дейін ұсталынады.

30-1. Активтер

Активтердің баланстық құнының бес және одан астам пайызын құрайтын Орталық депозитарийдің мүлгі:

- негізгі қаражат – 23 148,6 мың теңге (9,14 %), соның ішінде:
- машиналар мен жабдық, беріліс құрылғылары – 11 913,5 мың теңге (4,70 %);
- көлік құралдары – 3 814,7 мың теңге (1,51 %);
- басқа негізгі құралдар – 7 420,4 мың теңге (2,93 %).

31. Жарғылық капитал

Төленген жарғылық капиталдың мөлшері – 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге. Номиналды құны 200 000 (екі жүз мың) теңге 90 акция орналастырылды.

32. Банкаралық заемдар:

Орталық депозитарийде банкаралық заемдар болмаған.

33. Салымдар (банктер толтырады):

Орталық депозитарий банк емес.

34. Облигациялардың қолданыстағы шығарылымының құрылымын сипаттау және соңғы үш жылда өтелген облигациялар туралы мәліметтер:

Орталық депозитарий коммерциялық ұйым емес және облигацияларды шығаруға құқығы жоқ.

35. Акционерлік қоғам активтерінің бес пайызынан аспайтын қолданыстағы халықаралық заемдардың шарттары (сомасы, өтеу кестесі, сыйақы мөлшері) туралы, соңғы үш жылда оның активтерінің бес пайызынан аспайтын мөлшерде тартылған және орындалған халықаралық заемдар туралы мәліметтер:

Орталық депозитарий халықаралық заемдар алмаған.

36. Акционерлік қоғамда басқа ұйымдардан алынған ашық кредиттік желілер туралы мәліметтер:

Орталық депозитарийдің ашық кредиттік желілері жоқ.

37. Қаржы құралдарын талдау.

Кірістердің баптары	2003 ж.		2004 ж.		2005 ж. Жоспар
	мың теңге	%	мың теңге	%	
Депозитарлық қызметтен түскен кіріс	180 304,1	56,42	201 924,0	47,56	200 191,2
Қызметтің өзіндік құны	68 345,0	28,64	68 173,1	20,42	72 606,7
Кезеңнің шығыстары	33 654,4	14,1	46 117,5	13,82	53 568,3
Негізгі қызметтен түсетін кіріс жиынтығы	78 304,7		87 633,4		74 016,2
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс	1 918,3	0,60	-3 202,6	-0,75	
Сыйақы түріндегі кіріс	6 755,3	2,11	7 979,6	1,88	
Басқа кірістер	130 596,6	40,87	217 857,8	51,31	5 718,5
Басқа кірістер	136 625,7	57,26	219 501,9	65,76	3 372,4
Салық салғанға дейін кіріс	80 949,2		90 766,3		76 362,3

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

Кірістердің баптары	2003 ж.		2004 ж.		2005 ж. Жоспар
	мың теңге	%	мың теңге	%	
Корпоративтік кіріс салығы	24 396,8		27 392,4		23 920,4
Таза кіріс	56 552,4		63 373,9		52 441,9

2004 жылғы жалпы кірістегі депозитарлық қызметтен түскен кіріс 47,56 % құрады. 2004 жылғы депозитарлық қызметтен түскен кіріс 2003 жылғы нәтижелермен салыстырғанда номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының көлемінің ұлғаюы есебінен 21 619,9 мың теңгеге (11,99 %) өсті.

2004 жылғы жиынтық кірістердегі қызметтің өзіндік құны – 20,42 %-ды құрайды. 2004 жылғы қызмет құны өткен жылмен салыстырғанда кастодиан банктердің қызметі бойынша шығыстардың кемуі салдарынан 171,9 мың теңгеге (0,25 %) төмендеді.

2004 жылғы жалпы шығыстардан кезеңнің шығыстары – 13,82 % болды. 2003 жылмен салыстырғанда осы кезең шығыстары 12 463,1 мың теңгеге (37,03 %) негізінен жалақы сомасының өсуі, демалыстар бойынша құрылған резервтің, іссапар шығыстарының, коммуналды қызметтердің және өзге шығыстардың өсуі есебінен өсті.

2004 жылғы таза кіріс 2003 жылмен салыстырғанда 6 821,5 мың теңгеге (12,06 %) өсті.

38. Соңғы екі жылдағы кірістер мен шығыстардың құрылымы.

Баптың атауы	2003 жыл (мың теңге)	2004 жыл (мың теңге)
Кірістер:		
– негізгі қызметтен түсетін кіріс	180 304,1	201 924,0
– негізгі құралды сатудан түсетін кіріс		703,1
– бағалы қағаздарды сатудан түсетін кіріс (бағалы қағаздарды өтеу)	130 570,0	217 144,0
– мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кіріс	6 755,3	7 979,6
– бағамдық кірістен түсетін кіріс	1 918,3	11 896,5
– басқа кірістер	26,5	10,6
Шығыстар:		
– құны:	68 345,0	68 173,1
– негізгі құрал мен материалдық емес активтерді амортизациялау	3 919,8	4 942,3
– ЖҚ аударымдары бар жалақы	27 064,8	34 972,6
– іссапар шығыстары		1 227,9
– қаржылық қызмет көрсетулер	25 569,8	3 055,7
– банкаралық есептеулер	6 459,6	7 704,3
– байланыс қызметі	1 376,3	3 797,9
– жалға алу	1 493,4	1 907,3
– кеңсе тауарлары	718,8	1 535,4
– басқа кірістер	1 742,5	9 029,7
– кезеңнің шығыстары (жалпы және әкімшілік шығыстары):	33 654,4	46 117,4
– ЖҚ аударымдарымен жалақы	23 198,1	31 054,8
– іссапар шығыстары	447,0	1 853,0
– аудиторлық қызмет көрсетулер	2 127,7	1 121,2
– коммуналдық қызмет көрсетулер	1 828,4	2 527,2
– салықтар	1 955,1	2 095,2

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі**

Баптың атауы	2003 жыл (мың теңге)	2004 жыл (мың теңге)
– банктің көрсететін қызметі	1 127,6	862,8
– басқа кірістер	2 970,5	6 603,2
– материалдық активтерді сатудан шеккен шығындар	69,3	768,0
– негізгі қаражатты сатудан шеккен шығыстар	64,8	760,4
– бағалы қағаздарды сатудан болған шығыстар (бағалы қағаздарды өтеу)	130 570,0	217 144,0
– бағамдық айырма шығыстары	4 949,0	15 099,1
– басқа кірістер	972,5	829,5

39. Акционерлік қоғамның пікірі бойынша қаржылық коэффициенттердің есептеулері аса маңызды болып табылады және қоғам қызметін сипаттайды:
- ағымдағы өтімділік коэффициенті – 39,34,
 - мерзімді өтімділік коэффициенті – 39,13.
40. Акцияларды шығару проспектінің күніне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген пруденциалдық нормативтердің және басқа орындауға міндетті нормалар мен лимиттердің мәні:
- Меншікті капитал жеткіліктігінің коэффициенті – 28,8.
41. Қоғам акцияларды шығару туралы шешім қабылдағанға дейін соңғы алты айдағы берілген кепілдіктер саны мен көлемі:
- Орталық депозитарий кепілдік бермейді.
42. Бұрын берілген кепілдіктер, сот шағымдарының нәтижесінде туындауы мүмкін акционерлік қоғамның ықтимал міндеттемелеріне қатысты өзге ақпарат:
- Орталық депозитарий бұрын кепілдік бермеген және жауапкер немесе ортақ жауапкер ретінде сот процестеріне қатысушы болып саналмайды.

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

43. Бағалы қағаздардың барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты көрсетіледі:
- 1) әр шығарылымдағы бағалы қағаздардың жалпы саны, түрі, санаты және номиналды құны, шығарылым нысаны, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу күні:
 - ҰСН - KZ1C04620015,
 - 90 (тоқсан) жай атаулы акция,
 - әрбір номиналды құны 200 000 (екі жүз мың) теңге,
 - шығарылымның құжаттамасыз нысаны,
 - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 30.01.2004ж. № А0462 бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.
 - 2) бағалы қағаздарды орналастырудың басталған күні – 1997 жылғы 12 тамыз,

- бағалы қағаздарды орналастырудың аяқталған күні – 2003 жылғы 6 маусым.
- 3) қоғамның бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер:
- Орталық депозитарий коммерциялық ұйым емес, облигацияларды шығармайды және жай акциялар бойынша дивидендтерді төлемейді.
- 4) егер бағалы қағаздарды орналастыру және айналысқа жіберу тоқтатылған жағдайда немесе бағалы қағаз шығарылымы шығарылмады деп танылса, осы шешімді қабылдаған мемлекеттік органды және шешімді қабылдау күні мен негіздемесін көрсету керек:
- бағалы қағаздарды орналастыруды немесе айналысқа жіберуді тоқтатқан жағдайлар, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын болмады деп тану орын алған жоқ;
- 5) өтеу күні және облигациялар бойынша төлемдердің жалпы мөлшері:
- Орталық депозитарий коммерциялық ұйым емес және облигацияларды шығармайды;
- 6) бір акцияға (жай, артықшылық берілген) дивидендтің сомасы және соңғы екі қаржы жылының әрбір жылы үшін акциялардың әрбір түріне дивидендтердің жалпы сомасы:
- Орталық депозитарий коммерциялық ұйым емес және дивидендтерді төлемейді;
- 7) сауда-саттықты ұйымдастырушының атауын қоса алғанда, қоғамның бағалы қағаздарымен сауда-саттықты жасайтын негізгі нарықтар:
- Орталық депозитарий акцияларымен сауда жасау тым шектелген, себебі "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабының 1-тармағына сәйкес Орталық депозитарийдің акционерлері бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, сауда-саттықты ұйымдастырушылар және халықаралық қаржы ұйымдары ғана болуы мүмкін. Жоғары аталған тұлғалар арасында акциялармен сауда болған жағдайда, сауда-саттық ұйымдастырылмаған нарықта жасалады.

7. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

44. Акциялар туралы мәліметтер:
- 1) акциялар саны, түрлері:
- 300 (үш жүз) жай акция;
- 2) құрылтайшылар арасында орналастырылатын акциялар саны, түрлері:
- құрылтайшылар арасында жалпы сомасы 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге 90 (тоқсан) жай акция орналастырылды және төленді;
- 3) құрылтайшы төлейтін бір акцияның номиналды құны:
- номиналды құны 200 000 (екі жүз мың) теңге;

- 4) артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтің кепілдік мөлшері:
артықшылықты акциялар шығарылмайды.
45. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары:
Орталық депозитарий айырбасталатын бағалы қағаздарды шығармайды.
- 45-1. Төлем агенті туралы мәліметтер:
Орталық депозитарийдің төлем агенті жоқ, себебі дивидендтерге төлем жасамайды.
46. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер:
"Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі" акционерлік қоғамы ("БҚТЖ" АҚ), Алматы қаласы, Мұратбаев к-сі, 75, телефон 53-57-90, 53-71-77, 2000 жылғы 4 қыркүйектегі № 0406200147 бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия.
2003 жылғы 8 шілдедегі № 000В2287 шарт.

8. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

47. Акцияларды шығаруға жұмсалған шығын сомасы:
Орталық депозитарий акциялар шығарылымын жасау үшін аудиторлар, сарапшылар мен қаржы кеңесшілерін жұмысқа тартқан жоқ.
48. Инвесторларға арналған ақпарат.
Инвесторлар жарғының көшірмесімен, акциялар шығарылымының проспектісімен осы құжаттарға енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Орталық депозитарийдің акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептермен мына мекенжайда: 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 291/3а үйде немесе www.kacd.kz сайтында танысуына болады.

Президент

Б.Х. Қапышев

Бас бухгалтер

Алексеева Т.В.

М.о.